

2023-2024 оқу жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша түзету және ескерту әрекеттерінің жоспарының орындалуы бойынша мониторинг

2024 жылдың 1 қыркүйегінде университетте білім алушылар, ОПҚ және қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары әзірленіп бекітілген болатын. 6 сайын оның орындалуы бойынша мониторинг жүргізу жоспарланған. Сіздердің назарларыңызға оның 2024-2025 жылғы қыркүйек-ақпан айларындағы орындалуы туралы ақпаратты ұсынамыз.

Жоспарланған іс-шаралар 9 бағыт бойынша топтастырылған:

1. Оқу үдерісін ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын-алу;
3. Кәсіби практикалық дайындықты ұйымдастыру;
4. Материалдық-техникалық базаны жаңарту;
5. Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру;
6. Жатақханаларда тұру жағдайларын жақсарту;
7. Студенттердің жеке тұлғалық қасиеті мен тәрбиесінің қалыптасуын дамыту;
8. Интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi аймағын қамту), компьютерлік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
9. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Жоспардағы барлық ұсыныстар бойынша жұмыс белгіленген мерзімде жүргізілуде.

Сіздердің алдыңызда, жоспар бойынша жасалған жұмыс туралы толық ақпарат. Орындалған жұмыстың маңызды тұстары келесідей.

«Оқу үдерісін ұйымдастыру» бағыты бойынша ұсыныстар мен атқарылған жұмыстар нәтижесінде білім беру процесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды.

Кәсіби дағдыларды дамыту: Жұмыс берушілердің сұранысын ескере отырып, «Жаңа атлас құзыреттері» бойынша жаңа пәндер енгізіліп, білім беру бағдарламалары жаңартылды.

Бейіндік пәндер енгізу: Бейіндік пәндерге басымдық беріліп, оларды оқу жоспарына енгізу арқылы студенттердің мамандық бойынша терең білім алуына мүмкіндік берілуде.

Дуальді оқыту: Өндіріс мамандарын оқу процесіне тарту арқылы дуальді оқыту жүйесі енгізіліп, студенттерге практикалық дағдыларды игеруге мүмкіндік берілді.

Мансап орталықтарымен өзара әрекеттесу: Түлектерді жұмысқа орналастыру үшін мансап орталықтарымен тығыз байланыс орнатылып, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері ұйымдастырылды.

Ақпараттық қол жеткізу: «Mansap Navigator 1.0» жәрмеңкесі арқылы түлектер мен жұмыс берушілердің өзара байланысы нығайды. Бұл жәрмеңкеде 28 жұмыс беруші мекеме мен 90 бос жұмыс орны ұсынылған.

Әлеуметтік желілерде ақпараттандыру: Студенттер мен түлектер үшін қажетті ақпараттарды жариялау мақсатында «Mansap & Job Korkyt» телеграм каналы және әлеуметтік желілерде парақшалар ашылып, осы арналар арқылы ақпараттар тұрақты түрде жариялануда.

«Оқу үдерісін ұйымдастыру» бағытында келесі ұсыныстар:

1. Білім беру мазмұнын жаңарту;
5. Оқытушылардың өз жұмысына қызығушылығын арттыру;

6. Білім алушылардың тілдік дайындығын күшейту;
7. Қазіргі заманғы өзгерістерді ескере отырып, оқу материалдарын жаңарту;
8. Әр білім алушының таңдауына сай жеке оқу жоспарларын дайындау, практикалық сабақтарға таңдау мүмкіндігін беру, қызығушылық тудырмайтын пәндерді жою;
9. Университетте оқылатын теориялық курстар мен өндіріс қажеттіліктерінің байланысын арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» бағытында атқарылған іс-шаралардың нәтижесі:

Білім алушылардың адалдық индексі арттыру: Университетте білім алушылардың адалдық индексі арттыру үшін корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды. 1 курс студенттерінің адалдық пен этикаға қатысты түсінігін жақсартуға ықпал ету мақсатында студенттерге университеттің Жарғысы, Ішкі ережелері және студенттің Ар-намыс кодексімен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Оқытушылар мен студенттердің адалдығын арттыру: Оқытушылар мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы адалдықты арттыру мақсатында бірқатар кездесулер ұйымдастырылды. 2024-2025 оқу жылының қысқы сынақ-емтихан кезеңі алдында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша негізгі ақпараттар беру мақсатында барлық институттарда білім алушылармен кездесу өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру мақсатында университет қызметкерлері, оқытушылар мен студенттерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттар ұсынылды. Қоғамдық комиссияның жаңа құрамы жасақталып, барлық 6 институттың ПОҚ құрамымен кездесулер ұйымдастырылды.

Комплаенс қызметімен ақпараттандыру: Комплаенс қызметі бойынша университеттің сайтында арнайы батырма орналастырылып, студенттер мен оқытушыларға сенім телефоны, өтініштер мен тілектер үшін сенім жәшігі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері қызметі арқылы қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Эдвайзерлік сағаттар мен дәрістер: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы тақырыптар бойынша эдвайзерлік сағаттар өткізілді, оның ішінде "Сыбайлас жемқорлық - Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер" сияқты тақырыптар қамтылды. Студенттер бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мен заңды түсіндіру мақсатында дәрістер ұйымдастырылды.

Құқық қорғау органдарымен кездесулер: Құқық қорғау органдарының өкілдері мен студенттер арасындағы кездесулер арқылы ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Дөңгелек үстелдер мен пікірталастар: Университетте студенттер мен оқытушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат және білім беру" тақырыбы бойынша бірнеше дөңгелек үстелдер мен пікірталастар өткізілді.

Шығармашылық және ғылыми іс-шаралар: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет: Құндылықтар мен этикалық қағидаттар" тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, студенттер мен оқытушыларға арналған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті" тақырыбында сайыс, "Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы"

кездесуі және "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында сурет салу шығармашылық сайысы өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» бағытындағы келесі ұсыныстар:

12. Білім алушылардың адалдық индекcін арттыру мақсатында корпоративтік мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды күшейту;

13. Білім алушыларға қатысты оқытушылардың адалдығын арттыру;

14. Білім алушыларын Университет Жарғысымен, Ішкі ережелермен және Жоғары оқу орны студентінің Ар-намыс кодексімен таныстыру;

16. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңының негізгі ережелерін түсіндіру" бойынша эдвайзерлік сағаттар ұйымдастыру;

19. Университет оқытушыларын, қызметкерлерін және білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру процесінде тарту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

«Кәсіби практикалық дайындықты ұйымдастыру» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар мен ұсыныстар келесідей жүзеге асырылуда:

Практикалық дағдыларды арттыру: Студенттердің кәсіби функцияларды табысты орындауда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында, практикалық сабақтардың көлемі мен сапасын арттыру қолға алынды.

Практикадан өту: Студенттердің практикадан өту мүмкіндіктерін кеңейту, өндіріс орындарында кәсіби тәжірибе алуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жүргізілді. Бітіруші түлектер үшін бос орындар болған жағдайда, жұмысқа орналастыру басты назарға алынды.

Университет пен кәсіпорын байланысы: Университет пен кәсіпорындардың қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған меморандумдар мен келісім-шарттар жасалды.

Практика орындарының тапшылығы: Практика орындарының жетіспеушілігін шешу үшін, кафедра филиалдары мен мекемелермен ынтымақтастық күшейтілді.

Практика уақытын ұзарту: Студенттерге практика мерзімін ұзарту, өндіріспен танысуға мүмкіндік беру, сонымен қатар, кәсіби практикадан өту мерзімдерін тиімді жоспарлау қажеттілігіне баса назар аударылды.

Кәсіби практика орындарының тізімі: Студенттерге кәсіби практика орындарын өздігінен таңдау мүмкіндігін беру ұсынылды, яғни, алдын ала дайындалған тізім бойынша ғана емес, түрлі мекемелерде практикадан өтуге рұқсат ету жұмыстары жүргізілді.

Нұсқаулық конференциялар: Студенттердің практикаға шықпас бұрын нұсқаулық және қорытынды конференциялар міндетті түрде өткізіліп, жетекшілер тарапынан үнемі қадағалау қамтамасыз етілді.

Меморандумдар мен келісім-шарттар: Ағымдағы оқу жылы бойынша 6 меморандум және 3 кафедра филиалдарымен келісім-шарттар жасалды. Бұл жұмыстар аталған бағдарлама бойынша жүргізілді.

Студенттерді практикамен қамтамасыз ету: 1 және 2 курс студенттеріне 10 апта көлемінде үздіксіз оқу және педагогикалық-психологиялық практика, 3-4 курс студенттеріне диплом алды және өндірістік практикалар ұйымдастырылды.

Білім алушылардың таңдауы: Білім алушылар өз практикаларын таңдау кезінде құқықтарға ие, олар тұрғылықты мекенжайларына, қалауларына байланысты практикаға жіберіледі.

«Кәсіби практикалық дайындықты ұйымдастыру» бағытында келесі ұсыныстар:

21. Кәсіби функцияларды табысты орындау үшін практикалық дағдыларыды арттыру;

24. *Университет пен кәсіпорын байланысын нығайту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.*

«Материалдық-техникалық базаны жаңарту» бағытында жүргізілген білім алушылардың университетте комфортты жағдайда болуын қамтамасыз ету үшін бірнеше маңызды шаралар жүзеге асырылды:

Демалыс және байланыс аймақтары: Оқу ғимараттары мен дәліздерінде студенттерге демалыс және коммуникация үшін арнайы аймақтар ұйымдастырылды.

Жабдықтау: Білім беру сапасын арттыру мен студенттердің қажеттіліктеріне жауап беру мақсатында оқу ғимараттары қазіргі заманғы құрал-жабдықтар, аудиториялар мен зертханалармен жабдықталды.

Заманауи ашық кітапхана: Кітапхана қызметтерінің сапасын арттыру үшін заманауи үлгідегі ашық кітапхана ретінде қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. (2025 жылы кітапханаға күрделі жөндеу жұмыстары басталып, ғылыми кітапханаға көшіру жұмыстары жүргізіліп, кітапхана уақытша жабылды, бұл студенттер үшін білім алудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталған.)

Жаңа әдебиеттерді толықтыру: Білім беру бағдарламаларына сәйкес пәндер бойынша жаңа мазмұнды әдебиеттермен толықтыру жұмыстары атқарылуда. 2025 жылы 3500 дана жаңа әдебиет сатып алу жоспарланып отыр.

Серверлер мен компьютерлік жабдық: университеттің ақпараттық жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін 2025 жылға сервер мен компьютерлік жабдықтарды алу жоспарланған.

«Материалдық-техникалық базаны жаңарту» бағытында келесі ұсыныстар:

29. *Білім алушылардың университетте болуына қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін қарастыру: оқу ғимараттары мен дәліздерінде демалыс және байланыс аймақтарын, құрылғыларды зарядтауға арналған жабдықтарды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.*

«Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру» бағыты бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы:

Қоғамдық тамақтану орындарының материалдық жабдықталуы: Оқу ғимараттарында студенттер мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында қоғамдық тамақтану орындарының материалдық базасы нығайтылды. Бас оқу ғимаратының жанынан жаңа, заманауи талаптарға сәйкес 50 орындық асхана ашылды.

Қоғамдық тамақтану орындарының жаңартылуы: Жоспар бойынша студенттер мен оқытушылардың тамақтану процесін жайлы әрі ыңғайлы ету үшін жыл сайын Жігер асханасы жаңартылып отырады және барлық оқу ғимараттарындағы асханалардың ішкі жағдайын жақсартып, тамақтанудың сапасын арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылуда.

«Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру» бағыты бойынша келесі ұсыныстар:

34. *Қоғамдық тамақтану орындарының санитарлы-гигиеникалық жағдайына, сапалы, арзан тамақтануды және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.*

«Жатақханаларда тұру жағдайларын жақсарту» бағыты бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері төмендегідей:

Тәрбие жоспарының бекітілуі: Оқу жылының басында әр жатақханаға жауапты институттардың тәрбие жоспары бекітіліп, жыл бойы мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылуда.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары: Жаңа оқу жылының басында санитарлық-гигиеналық тазалық мәселелері бойынша жатақхана тұрғындарына ақпараттар таратылып, ережелер мен тазалық сақтау нұсқаулықтары берілді.

Санитарлық жағдайды бақылау: Комиссия тұрақты жұмыс істеп, әр айдың басында жатақхана аумағын тексеріп, маңызды аймақтарды (дәретханалар, асхана, дәліздер, оқу бөлмелері) бағалайды.

Студенттік кеңес қызметі: Университетке қарасты жатақханаларда студенттік кеңес төрағалары жұмыс атқарып, студенттердің мүдделерін қорғаумен бірге түрлі шаралар ұйымдастырады.

Бос уақытты тиімді пайдалану: Студенттердің жеке дамуына, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және денсаулықтарын нығайтуға бағытталған кино кештері, спорттық шаралар, кітап клубы кездесулері тұрақты түрде өткізіледі.

Эмоционалды және психологиялық қолдау: Студенттердің психологиялық денсаулығын қолдау мақсатында тренингтер, психологиялық үйлесімділікке қатысты кездесулер ұйымдастырылды.

Психологиялық қолдау орталығымен бірлесіп, студенттердің жатақханадағы әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық-психологиялық жағдайын жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

«Жатақханаларда тұру жағдайларын жақсарту» бағытында келесі ұсыныстар:

38. Жатақхана студенттерімен жұмыс жасайтын студенттік кеңестердің қызметін жетілдіру;

39. Жатақхана студенттерінің мәдени-рухани байлығын арттыру және бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

«Студенттердің жеке тұлғалық қасиеті мен тәрбиесі қалыптасуын дамыту» бағытында жүргізілген жұмыстар мен ұсыныстардың нәтижелерін қорытындылау:

Азаматтық ұстаным мен патриоттық сана қалыптастыру: Азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша жоспарланған іс-шаралар тізбегі жүзеге асырылды. Студенттер арасында әділдік, жауапкершілік, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау мақсатында дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізілді.

Мәдени-демалыс инфрақұрылымын дамыту: Университеттің бас оқу ғимараты жанынан студенттерге шығармашылық жобалармен айналысуға мүмкіндік беретін, жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға ықпал ететін коворкинг орталығы ашылды.

Студенттік өзін-өзі басқару дағдылары: Студенттер арасында өзін-өзі басқарудың түрлі формаларын дамыту мақсатында 21 жастар ұйымы белсенді жұмыс атқаруда. Жастар республикалық, облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

Спорттық сауықтыру: Студенттер спорттық секцияларға қатысып, жыл сайын өтетін Республикалық Студенттер лигасында жүлделі орындар иеленуде.

Қауіпсіз орта және ақпараттандыру мәселесі: Студенттермен өткізілген кездесулерде харассмент туралы ақпарат беріліп, оның салдары түсіндірілді. Алдағы уақытта тоқсан сайын кездесулер өткізу жоспарлануда.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жыл бойы дәстүрлі спартакиадалар мен турнирлер студенттердің

белсенділігін арттыруға, жат мінез-құлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған спорттық ойындар жоспарланып, ұйымдастырылуда.

«Студенттердің жеке тұлғалық қасиеті мен тәрбиесі қалыптасуын дамыту» бағытында келесі ұсыныстар:

42. Университеттің мәдени-демалыс инфрақұрылымын дамыту

43. Студенттік өзін-өзі басқарудың әртүрлі формаларында басқару дағдылары мен бағыттарын қалыптастыру

46. Білім алушыларды қауіпсіз ортаға құқықтары туралы, харасмент және оның салдары туралы ақпараттық материалдар дайындау және таныстыру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

«Университеттегі заманауи ақпараттық технологияларға қол жетімділікті арттыру» бағытында жүзеге асырылған іс-шаралар тиімді әрі кешенді болып отыр.

Оқыту әдістерін компьютерлендіру: Әр түрлі БББ арналған арнайы лабораториялар ашылды: экономика, басқару, шетел тілдері, қазақ тілі мен әдебиеті, информатика, физика және математика сияқты салалар бойынша.

Сымсыз байланыс желісінің жақсаруы: 2024 жылы Wi-Fi тарату нүктелері орнатылып, университеттің барлық аумағында интернет байланысының сапасы артты. Жылдамдығының 600 Мбит/секке дейін ұлғаюы, сонымен қатар Wi-Fi жылдамдығының 800 Мбит/сек болуы білім алушылар мен оқытушылар үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етті.

Ақпараттық инфрақұрылымның жетілдірілуі: Ақпараттық жүйелер мен платформалар (Platonus, e-univer, Korkyt.edu.kz және басқа) арқылы оқу үдерісін жеңілдету және оны цифрландыруға бағытталған шаралар қолға алынды. Электронды кезек, QR код арқылы шығармашылық емтихандарға тіркелу, сондай-ақ виртуалды қабылдау комиссиясының жұмыс істеуі сияқты инновациялық шешімдер енгізілді.

Интернет ресурстарын дамыту: Ақпараттық интернет ресурстары, мысалы, оқу процесін қолдайтын онлайн жүйелер (library.korkyt.kz, moos-korkyt.kz және басқа), студенттер мен оқытушылардың білім алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін арттырды.

Жаңа технологияларды енгізу: Жаңа технологиялар, әсіресе білім беру процесіне енгізілген электронды қолтаңба (ЭЦҚ), электронды құжат айналымы, және басқа ақпараттық жүйелер университеттің әкімшілігін тиімді басқаруға және студенттер мен оқытушылардың қызметін жеңілдетуге көмектеседі.

Кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету: 2024 жылы университетке жоғары жылдамдықты интернет қосылымдары қамтамасыз етілді, бұл білім беру қызметтерінің тиімділігін арттырды.

«Университеттегі заманауи ақпараттық технологияларға қол жетімділікті арттыру» бағытында келесі ұсыныстар:

51. Университеттің ақпараттық инфрақұрылымын жетілдіру;

55. Білім беру процесін ақпараттық технологиялық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

«Университетте медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру» бойынша бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар мен атқарылған іс-шаралар

Профилактикалық кездесулер: СПИД және жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қызылша мен қышыма ауруларына қатысты ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Психологиялық қолдау: Университеттің медициналық және психологиялық қолдау орталықтары Облыстық жастар психикалық орталығымен бірлесіп, 1 желтоқсанда Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орай профилактикалық кездесулер өткізді.

Медициналық орталықтың лицензиясы: 2024 жылдың сәуір айында медициналық орталыққа лицензия алынып, қажетті қызметкерлермен қамтылды.

Студенттер арасында сауалнама жүргізу: 2024-2025 оқу жылының қараша айында медициналық пункттің қажеттіліктерін анықтау мақсатында сауалнама өткізілді. Нәтижелерге сүйене отырып, түзету және ескерту әрекеттерінің жоспары дайындалды.

«Университетте медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру» бағытында келесі ұсыныстар бойынша жұмыстар әлі де жалғасын табуда:

Университетте медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру» бағытында келесі ұсыныстар:

56. Білім алушыларға медициналық қолжетімді қызметтер, өтініш беру мерзімдері мен рәсімдері туралы қажетті ақпаратты ала алатын ыңғайлы және ақпараттық онлайн-платформаларды әзірлеу және енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігі ұсынылады.

Осылайша, жоспарда келтірілген ұсыныстарды орындау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде, жоспар бойынша 80% ұсынымдарды орындау бойынша іс шаралар толық орындалған, 20% ұсынымдар бойынша іс-шаралар жоспарда белгіленген мерзім бойынша жүзеге асырылуы жалғасуда. Мүлде орындалмаған немесе қараусыз қалған ұсыныстар жоқ.

2025 жылғы 18 ақпанда аталған мәселе Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аппараттық мәжілісінде қаралып, хаттамалық тапсырмалар берілді.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы